

**Терминоэлементтер туралы
түсінік. Клиникалық термин
құрылымы.**

- ***Ерікті және еріксіз терминоэлементтер***
- Егер сөз құраушы негіз екі немесе одан да көп болса, құралған сөз- күрделі сөз деп аталады. Сөз құрау грек- латын терминдерін жасауда өте тиімді тәсіл. Күрделі сөздер екі *тәсіл*мен құралады: жұрнақсыз құрау немесе жұрнақ арқылы құрау. Күрделі сөз жұрнақсыз құралған кезде соңында тұрған сөз өз алдына мағына беріп, грамматикалық тұрғыдан талдауға түседі. Мысалы: glossopharyngeus: 1- сөз құраушы- glosso сөзі; 2- сөз құраушы- pharyngeus сөзі (1 топ сын есім сөзі).
- Яғни, күрделі сөздерді жұрнақсыз құрау сын есімдерге тән. Мысалы: talo-calcaneo-navicularis-топай-өкше- қайық тәрізді сүйегі.

- ***Ерікті және еріксіз терминоэлементтер***

- Көптеген күрделі терминдер грек-латын тілдерінде өз алдына сөз бола алады. Тек мына сөздер ғана қазіргі терминологияда өз алдына сөз болу қабілетінен айырылған: iatria-емдеу, paideia- тәрбиелеу, оқыту; kardia-жүрек; penia-кедейлік; philia-сүю, ынтығу; lalia сөйлеу. Бұл сөздер қазіргі терминдерде басқа морфемалармен бірігіп қолданылады. Мысалы: психиатрия, ортопедия, тромбопения, спазмофилия.

- Медицина терминдерінің көп бөлігі жұрнақтар арқылы берілген негіздерден құралады. Бұл кезде көп қолданылатын грек жұрнагы-ia болады. Мысалы: - haemorrhagia, бұл сөз екі негізден құралған; haemo- қан+rhagia-қанау;- ia-жұрнағымен берілген көптеген ТЭ-тер өз алдында сөз бола алмайды. Олар әр уақытта басқа сөздермен ғана бірігіп қолданылады. Тек кейбір сөздер ғана бұл ережеге бағынбайды. Мысалы:-phobia және- ectomia.

- **Сөз құраудың кейбір ерекшеліктері.**
- Медицина терминологиясында 2 немесе одан көп негіздерді бір сөзге біріктіру үшін,
- байланыстырушы дауысты дыбыс немесе интерфикс қолданылады. Ең көп қолданылатын дауысты дыбыс-о, ал і-сирек қолданылады.
- Грек тіліндегі сөздерде-о, ал латын тіліндегі сөздерде і-қолданылады. Мысалы: aur- і-scalpium (auris-құлақ+scalpo-тазалау, кесу)-құлақ тазалағыш: viv-і-ficatio (vivis-тірі, facio жасау)- тірілту. Бірақ жасанды түрде жасалған сөздерде бұл заңдылықтар сақталмайды. Латын сөздерінде-о байланыстырушы дауысты дыбысы, ал грек тілінде -і- дауысты дыбысы қолданыла береді.
- Құралған сөздердің бірінші бөлігі сөздікте немесе анықтамада байланыстырушы дауысты дыбыспен беріледі thoraco-spondylo. Ал байланыстырушы дауысты дыбыс, егер 1- бөліктегі сөз дауысты дыбыспен аяқталса немесе 2- бөліктегі сөз дауысты дыбыспен басталса қолданылмайды. Мысалы: brady(грек. bradys-жәй), bradycardia; rhin-(грек, rhis, rhinos- мұрын), rhin-encephalon.

- **Сөз құраушы негіздердің нұсқалары.**

- Латын және грек тілдерінде зат есімдер мен сын есімдердің сөздік түрінде атау және ілік септіктерінде өзгерушілік кездеседі. Мысалы: cortex, corticis, soma, somatos. Латын және грек тілдерінде сөз негізі - ілік септігіндегі сөздік түрі болып есептеледі Бірақ кейбір кездерде бұл сөздер әртүрлі нұсқа түрінде де қолданыла береді. Яғни, сөздің атау септігіндегі немесе ілік септігіндегі сөздік түрі қолданылады. Мысалы: pan-, pant- барлық,, бәрі (pan-demia, pant-ophobia). Үш нұсқалы сөздер де кездеседі. Мысалы: haemo, haemato, aemia-қан (haemo-globinum, haemato-logia, anaemia).

• **Клиникалық терминология**

- Клиникалық терминология дегеніміз - ауру ағзаларына қатысты барлық мәселелерді қамтитын бөлім.
- Бұл бөлімді кейде «патология» (грек pathos-ауру+ logos-ілім) деп атайды. Онда аурудың клиникасы оқытылады. Яғни аурудың белгілері, пайда болуы, физиологиялық қызметтерінің бұзылуы, ағзалар мен ұлпалардың құрылымының өзгеруі мен емдеу тәсілдері қарастырылады.
- Клиникалық терминдердің құрылымдық түрлері әртүрлі.
- 1. Жәй сөздер
- а) латын және грек жәй түбірлі сөздері. Мысалы: stupor - ступор (қатып қалу); tremor-тремор (дірілдеу)

***Дене бөліктері мен ағзалардың
атауларын білдіретін
грек-латын сөздері***

<i>Грек ТӘ</i>	<i>Латын сөзі</i>	<i>Мағынасы</i>
Cephalia (kephale) Cephalia	Caput, it is n	Бас
Somato, Soma (soma)	Corpus, oris n	Дене
Osteo (osteon)	Os, ossis n	Сүйек
Acro, acria (akron)	Membrum, l m	Дене бөлігі
Stetho (stethos)	Pectus, oris n	Кеуде
	Thorax, acis, m (грек)	Кеуде клеткасы
Spondulo (spondulos)	Vertebra, ae f	Омыртқа
Cardio, cardium (kardia)	Cor, cordis	Жүрек
	Ostium cardiacum	Кардия, жүрек тесігі
Arthro (arthron)	Articulatio, onis f	Буын
Stomato (stoma, stomatos)	Os, oris n	Ауыз
Glosso, glossia	Lingua, ae f	Тіл
Rhino (rhis, rhinos)	Nasus, i m	Мұрын
Odonto, odontia (odus, odontos)	Dens, dentis m	Тіс
Cheiro, chiro, cheiria, chiria (cheir)	Manus, us m	Қол
Podo, podia (pus, podos)	Pes, pedis m	Аяқ
Gon (gony)	Genu, us m	Тізе
R,h,achi, (rhachis)	Columna vertebralis	Омыртқалық бағана
Cheilo, cheilia (cheilos)	Labium, i n	Ерін
Urano (uranos), ul,ulo (ulon)	Palatum, i n (durum)	Таңдай (қатты)
melo (melon)	Gingiva, ae f	Қызыл иек
Gnatho, gnathia (gnatos)	Bucca, ae f	Ұрт
Genia (genus, genuos) genia (geneion)	Maxilla, ae f	Жоғарғы жақ
	Mandibula, ae f	Төменгі жақ
	Mentum	Иек
	Mentum, i n	Иек

***Ілім, ғылым зерттеу
диагностикасының тәсілі, емдеу,
ауру атауларын
білдіретін грек ТЭ***

<i>Грек ТӘ</i>	<i>Мағынасы</i>
- logia (logos- сөз, ілім)	Ілім, ғылымға қатысты
- logo (logia)	Сөйлем қабілетінің бұзылуына қатысты
-scoria (scopeo - қарау, бақылау, зерттеу)	Тексеру, бақылау, зерттеу
-metria, metr (metreo - өлшеу)	Өлшеу, анықтау (көлемін)
-graphia (grapho-сызу, жазу)	Рентгенография, жазу процесі, сигналдағы графикалық тіркеу

-gramma (gramma – жазылған нәрсе, көршісі)	Рентгендік көрініс, <i>тіркеу</i> нәтижесі
-therapia (therapeia -емдеу, қадағалау)	Емдеу (хирургиялық емес)
-noso (nosos-ауру)	Ауру
-patho, pathia (pathos-сезім уайыдау, ауру)	Аурулық жағдайға қатысты көңіл- күйге қатысты
alg, algia, algesia (algos-ауру) algesia - ауруды сезу odynia- (odyne-ауру)	Аурулық сезім, ауру

- **Клиникалық терминологиядағы -ossis, -iasis, -ismus, -oma жұрнақтары**

- **1. -ossis, -iasis - жұрнақтары,**

- Бұл жұрнақтар берілген зат есімдер мен етістіктер негіздеріне жалғанып, аталған негіздің әрекетін және оның нәтижесін көрсетеді.

- Мысалы: stenosis- стеноз, тарылу (нәтижесі)

- Sclerosis- склероз, қатаю

- Narcosis- наркоз, ұйықтау

- Жалпы осы жұрнақпен берілген сөздер «патологиялық процесс, аурудың, асқынуын, созылмалы ауру түрін білдіретін мағына береді». Ал егер сөз құраушы негіздер: «тін (ұлпа), ағза, дене мүшесі, ағза жүйесі» мағынасында берілсе, бұл сөздерге –osis жұрнағы жалғанып, «ауруға шалдыққан» деген мағынаны білдіреді Мысалы: fibrosis- фиброзды қайта даму, nephrosis- нефроз - бүйрек өзекшелерінің ауруының асқынуы. Toxicosis- токсикоз - улы заттармен - «улану нәтижесінде» ауру.

-

Ғлпалар мен мүшелердің патологиялық өзгерістерін білдіретін грек терминологиялық элементтері

Iatria, iater (iatreia, iatros)	Ауруларды емдеу, дәрігер
Ectasia, ectasis (ektasis)	Созылу, кеңейу, жыныс мүшесінің эктазиясы
Ptosis (ptosis-құлау, түсу)	Түсу, мүшенің төмен жылжуы
Steno, stenosis (stenos-тар)	Тар, тарылу, стеноз
Sclero, sclerosis (skleros -тығыз)	1. қатты, тығыз, қатаю 2. склераға қатысты
Malacia (malakos -жұмсақ)	жұмсақтық, жұмсару, малация
Lysis, lyt (ivsis-еру, бұзылу, шешілу)	1. еру, бұзылу, сіңіру Мүшені хирургиялық операция жолымен босату

Plastica (plastice-жапсыру)	пластикалық хирургиялық операция жолымен
Tomia (tome-кесу)	Хирургиялық операция жолымен мүшелерді,
Tomo (tomos-кесінді, қабат)	Қабаттануға қатысты, қабаттардың кесіндісі
Ectomia (ectome -кесін алу)	Хирургиялық операция жолымен мүшелерді
Stomia (stoma, stomatos-тесік)	Хирургиялық операция жолымен жасанды
Rexia (rexis-бекіту)	Хирургиялық операция жолымен ішкі
R(h) aphia (rhaphe-tігіс)	Хирургиялық операция жолымен тігіс жасау
Schisis (грек-, жарылу, ыдырау)	Мүшелердің ыдырауы
Rhexis (грек- үзілу)	Ағзаның бұзылуы, үзілуі
Desis (desis-байлау, бекіту)	Хирургиялық операция жолымен мүшелерді о. бекіту, қимылдатпау
Eury ^{sis} (eurus-кен)	Мүшені кеңейтуге арналған тәсіл
Eurynter (eigupo-кенейту)	Кеңейтуге арналған құрал
Klasia (klasis-сындыру, бұзу)	Хирургиялық операция жолымен дене бөлігін
Gentesis (kentesis-шаншу, тесу)	Тесу, пункция
Privus (айрылу)	Мүшені алып тастау немесе жоқ болуы